

**bilimger.kz**

Республикалық білім және ғылым порталы  
<https://bilimger.kz>  
ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:  
KZ45VPY00102718

2020

**БӨЛІМ: ТӘРБИЕ САҒАТЫ****КӘСІПКЕРЛЕР - ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТУШІ АДАМДАР****ЖАРИЯЛАНДЫ**  
26.01.2020**СІЛТЕМЕ**  
<https://bilimger.kz/67554/>**№16 КОЛЛЕДЖ МКҚК**

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

«БЕКІТЕМІН»

Директордың ТЖЖО

\_\_\_\_\_ Г.Шертаева

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

## **БИЗНЕС ЖОСПАРЛАУ САБАҒЫ**

### **КӘСІПКЕРЛЕР — ӘЛЕМДІ ӨЗГЕРТУШІ АДАМДАР**

*ТС-ТБ-Г-58/09*

Данасы: \_\_\_\_\_

Енгізілген мерзімі: \_\_\_\_\_

Пайдалану мерзімі: \_\_\_\_\_

Қызмет бабында пайдаланылатын басылым

Шардара

**Дәулетиярова Гүлшат Қуатбекқызы**

**Түркістан облысы**

**Шардара қаласы**

**№16 колледж**

**Стандарттау пәнінің мұғалімі**

**Кәсіпкерлер — әлемді өзгертуші адамдар.**

### **АЛҒЫ СӨЗ**

1 Әзірлегендер: Г-58 топ  
жетекшісі.....Г.Дәулетиярова  
Г-58 топ шебері..... Б.Айдарбеков

2 Бірінші рет енгізілді



Осы тәрбие сағатын №16 колледждің рұқсатынсыз толық немесе жартылай қайталауға, көбейтуге және таратуға болмайды

## МАЗМҰНЫ

1. Мақсаты .....	4
2. Көрнекіліктер.....	4
3. Сабақтың түрі .....	4
4. Сабақтың барысы .....	4
4.1 Кіріспе сөзі.....	4
4.2 Кәсіпкерлер тұлғасы туралы мәлімет.....	4
4.3 Табыс әкелетін 5 кәсіп .....	5
5. Қорытынды.....	6
Пайдаланылған әдебиеттер.....	6

## **1. МАҚСАТЫ**

Студенттерге кәсіпті саналы түрде таңдау және өздерінің өмірлік икемділігін іздеу

үшін білім, шабыт және ынта беру.

## 2. КӨРНЕКІЛІКТЕР

Слайдтар көрсету, суреттер, Елбасының портреті, студенттер шығармасы.

## 3. САБАҚТЫҢ ТҮРІ

Ой талқылау

## 4. САБАҚТЫҢ БАРЫСЫ

### 4.1 КІРІСПЕ СӨЗІ

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазан айындағы Халыққа Жолдауының II тарау 3 тармағының аясында орта мектепте кәсіптік диагностика және оқушыларды сұраныстағы мамандықтарға бағыттау жұмысы бойынша «EDTECH-KZ – Клуб ЮНЕСКО» Халықаралық білім беру орталығы Алматы қаласының Білім беру басқармасымен бірге KASIP жобасын іске асыра бастады.

### 4.2 КӘСІПКЕРЛЕР ТҰЛҒАСЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Кәсіпкер — бұл адам (немесе адамдар тобы), берущий өзіне тәуекел және жауапкершілік, ұйымдастыру және басқару, коммерциялық қызметпен.

Табысты кәсіпкерлік анықтайды «қадір-қасиетін» кәсіпкер:

- бастамашылдық;
- тәуекелге бару дайындығы;
- мақсаттылық;
- ақпараттандыру;
- сендіру қабілеті және орнатуға, іскерлік және жеке байланыстар және т. б.

Индустриалды дәуірінде табысты кәсіпкерлік көбінесе анықталды шама және бағдарланған капитал, сондай-ақ жеке құндылықтары кәсіпкер — оның қабілеттеріне, темпераментам және т. б.

Дамуымен ғылыми-техникалық прогресс жетістігі өзгереді білу. Тиісінше, жүреді және трансформациялау процесі басқару функциялары, барлық жерде актуализировавшийся XX ғасырда.

30-шы жылдары Батыста дами теориясы», «басқарушылық революция». Оның мәні

қалыптастыру ерекше басқару функциялары, «отделяемой» иелену капиталды бағдарлау, кәсіби басқарушы. Негіздері басқарушылық қызметтің жинақталып, ғылыми пән, алған атауы «менеджмент».

«Менеджмент» ұғымы, әдетте, байланыстырады кәсіби басқару қызметпен нарықтық экономикаға қойылған мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған жолымен ресурстарды ұтымды пайдалану, үнемді шаруашылық.

Заманауи өндірісті басқару Батыста, әдетте, негізделген ғылыми негізде пайдалануды болжайды ғылыми ақталған және ғылыми негізделген әдістерін ұйымдастыру.

Философиясын кәсіпкерлік соңғы ширегінде XX-XXI ғасырдың анықтайды басқарушылық концепциясы өндірістік өзін-өзі басқару бағдарланған принциптерін пайдалану, қазіргі заманғы менеджмент, тұрақты іздеу, жаңалықтарды пайдалану, есепке алу жиынтығы, сыртқы және ішкі факторлардың, ситуациялық талдауды және т. б.

### **4.3 ТАБЫС ӘКЕЛЕТІН 5 КӘСІП**

Қазақстан экономикасының негізгі құрауышы – шағын және орта кәсіпкерлік әлеуеті. Бүгінде бұл бағытта мемлекеттік бастамалар мен қолдау шаралары қолға алынған. Айталық Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту мемлекеттік бағдарламасы аясында кәсіп бастағысы келетін адамдарға тегін оқу, жеңілдетілген несие қарастырылған. Қолдау бір бөлек, ал кәсіп түрін таңдау әдетте көп жандар үшін күрделі мәселе.

Демек, көпшілік қандай кәсіп таңдау керек дегенде алғашқы қадам жасауға жүрексінеді. Бүгінгі материалда назарларыңызға қалалық жерде табысты болатын кәсіп түрлерін ұсынбақпыз. Ендеше кеттік.

#### **Қоқыс жинау қызметі**

Иә, қоқыс қалада бітпейтін мәселе. Күнделікті тонналап тасталатын қоқыс әдетте ретсіз жиналады. Оған тұрғындардың өзі кінәл. Осыған байланысты жергілікті билік бұл массаны игере алмайды, қоқысты полигондарда өртеуге қыруар ақша бөлінеді. Қоқыстан бөлінетін улы газдар қоршаған ортаға, адамзат саулығына зиян.

Бір қарағанда бұл бағытта ірі бизнес қана пайда табатын секілді көрінеді. Алайда қоқыс жинау, оны сұрыптап, жиналған «шикізаттан» табыс табу шағын кәсіпкерлер үшін әбден мүмкін.

Қазақстанда жалпы ТМД мемлекеттері бойынша болсын, қоқыс жинау мәдениеті қалыптаспаған. Астана мен Алматы сынды ірі мегополистерде жалпы қоқыс жәшіктерінің қасында пластик заттарына арналған арнайы торлар орнатылған, алайда оған пакетіндегі қоқысын сұрыптап, тастап жатқан ел қарасы аз. Ism.kz порталының

хабарлауынша биыл Астанада қоқысты қайта өңдейтін құны 3,4 млрд теңгелік зауыт салынады. Бұл туралы қала әкімі Әсет Исекешев мәлімдеді. Оның айтуынша, 2017 жылы қоқыс тасымалдайтын көліктер мен контейнерлерге 1 млрд теңге жұмсаған инвестор табылған. Сонымен қатар, пластик пен қағазды қайта өңдейтін екі цех іске қосылған. 2018 жылы осы салаға 5,2 млрд теңге бөлінеді.

«Байқау нәтижесінде ЭКСПО-2017-де көрмесіне қатысқан француз технологиясы аясында қайта өңдеу зауыты салынады. Құны 3,4 млрд теңге болатын қоқысты қайта өңдеу зауытының құрылысы осы жылдың тамызында басталып, 2019 жылдың қыркүйегінде аяқталады», – деді Исекешев.

Дегенмен бұл бағытта шағын бизнес үшін де жұмыс бар. Мәселен, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобасы аясында қоқыс зауытына «шикізатты» жеткізу қызметін қолға алуға болады, макулатура қабылдау бөлімшелері құрып, қала тұрғындары арасында қоқыс тастау мәдениетін қалыптастыру бойынша ақпаратты нәсихаттау, био пакеттер өндірісін жолға қоюға болады.

### **Хостел**

Қаладағы күн көріс оңай емес. Көп адамдар пәтер жалдауға мәжбүр. Студенттер мен отбасын құрмаған жастар үшін пәтер жалдау да оңай емес. Осы бағытта арзан әрі таза баспана қашан да сұранысқа ие. Сондықтан заманауи жатақхана қызметін ұсыну – тиімді кәсіп көзі болмақ. Хостел қызметін ашу үшін жеке жылжымайтын мүлігіңіздің болуы шарт емес. Орынжайды тиімді бағамен ұзақмерзімге келісімшарт арқылы жалдауға болады. Маңыздысы – адам басына шақталған дәретхана мен жуынатын бөлмелердің болуы керек. Бөлмелердің көлеміне қарай төсек орындарды орналастырып, ас үй мен кір жууға арналған бөлмені тұрмыстық техникамен жабдықтау қажет. Әдетте меймандар өзінің ыдыс аяғын алып жүреді. Дегенмен, хостелде әр тұрғынға арналған ыдыс аяқ болуы шарт.

Хостел ішіндегі тәртіпті өзіңіз басқарасыз. Комендантық қызмет, тазалық сақтау үшін кезекшілік жүргізу, түнгі режим барлығы хостел иесімен реттеледі. Таза әрі тартымды бөлмелер тұрғындардан арылмайтыны анық.

### **Үйде сұлулық салоны қызметін көрсету мен массаж жасау**

Бьюти индустрия – әлемді жаулаған бағыт. Қыз-келіншектер қашанда сұлу әрі жас болып көрінгісі келеді. Бұл бағытта нарықтың ұсынары көп. Косметика, бет терісін күтуге арналған процедуралар мен аппараттар, массаж түрлерін қалтаңызға қарай таңдай бересіз. Дегенмен, қымбат косметика және аппараттарсыз да бұл кәсіпте табысты болуға болады. Бет әрлеу, тырнақ күтімі шеберлігі сұраныста. Ынтасы мен икемі бар кез келген адам арнайы курстарды бітіріп, бикештердің бет-әлпетін үйлеріне барып әрлеуге болады. Тапсырыстар мен тұтынушылар санын көбейтуде әлеуметтік

желілер көмекке келеді.

### **Фудтрак - тез тамақтану**

Уақыт қала тұрғындары үшін тапшы. Қоғамдық жерлерде дәмді фаст-фуд өнімдерін ұсыну тиімді бизнеске айналады. Фудтрак арқылы тағамды көпшілік жиналатын жерлерде ұсынуға болады. Мәселен, дүйсенбі күні қаланың орталық алаңына көшпелі цирк келеді, сейсенбі күні вокзал аумағында ауыл шаруашылығы өнімінің жәрмеңкесі өтеді. Сәрсенбі күні екі оқу орнына барған тиімді, түскі ас кезінде ірі бизнес орталықтары мен банк ғимараттарын нысанға алған жөн деп қаланың қоғамдық өміріне қарай бейімделіп, көшпелі асхана бизнесін сәтті жүргізуге болады. Мұндай бизнесті бастау үшін санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің рұқсаты, басқа да тексеруші органдардың мақұлдауы керек.

### **Клинингтік компания**

Тазалық – денсаулық кепілі. Шағын және орта қалаларда клинингтік қызмет сұраныста болады. Үй ішін тазалау, кілем-алаша жуу – а табысты кәсіп. Бұл кәсіпкерлікті әдетте көлік жуу бекеті бар кәсіпкерлер қатар алып жүруге тырысады. Дегенмен, осындай көлік жуу орталығы бар кәсіпкермен бірігіп жұмыс істеуге болады. Есте сақтаңыз, әр жабындының (еден, қыш тақта, жұмсақ жиғаз, ыдыс аяқ және т.б.) өз жуу құралы болады. Тапсырыс берушінің көңілінен шығу үшін жуғыш құралдарды алуда ақша үнемдемеген абзал.

## **5. ҚОРЫТЫНДЫ**

Бұл кәсіп түрлері қалалық жерге арналған бастамалар. Алайда ауылда да сәтті бизнес бастауға болады. Бұл бағытта «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының «Бастау» жобасы бағдаршам бола алады. Айта кетелік, кәсіпкерлік негіздерін оқытатын «Бастау» жобасы 2017-2021 жылдарға арналған Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту мемлекеттік бағдарламасы негізінде еліміздің өңірлерінде жүргізіледі

## **6. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

- Сыныптан тыс жұмыстар
- Кезекті басылымдар
- Қазақтың мақал-мәтелдері

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.